



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жүгері және бидайды жақсарту халықаралық орталық арасындағы Ауыл шаруашылық ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 13 қараша N 103-II

Базельде 1999 жылғы 8 қыркүйекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жүгері және бидайды жақсарту халықаралық орталығы арасындағы Ауыл шаруашылық ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жүгері және
бидайды жақсарту Халықаралық орталығы арасындағы ауыл
шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жүгері және бидайды жақсарту Халықаралық орталығы (СИММИТ), әрі қарай "Тараптар", ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты дамытуға өзара тілек білдіре отырып, бұл ынтымақтастық ауыл шаруашылығында ілгерілеуге, топырақтың құнарлылығын өсімдіктер мен жануарлардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді деген өніммен, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру, өсімдіктердің тектік ресурстарын сақтау, Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау, ауыл шаруашылығы ғылымына шетелдік инвестициялар тарту, халықаралық ғылыми

орталықтардың тәжірибесін пайдалану, қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен камтамасыз ету, ғылыми кадрлар даярлау жөніндегі СИММИТ-тің қызметіне қолайлы жағдайлар жасау мақсатында төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Тараптар ынтымақтастықтың табысты болуына қол жеткізу үшін мыналарды жүзеге асыруы тиіс:

- а) ғалымдармен, мамандармен және алдыңғы қатарлы технологиялармен алмасу;
- б) Қазақстан Республикасының және биологиялық әртүрлілік туралы Халықаралық Конвенцияның қолданылып жүрген заңдарына сәйкес ұрық плазмасымен алмасу;
- в) ғылыми әдебиетпен, ақпарат және әдістемемен алмасу;
- г) бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламасына қатысты заттарды әкелу және әкету.

2-бап

СИММИТ кадрлық және бюджеттік мүмкіндіктер шегінде:

- а) Қазақстан Республикасының ұлттық ғылыми зерттеулеріне көмектесу және оның деңгейін көтеру үшін СИММИТ және басқа халықаралық ғылыми-зерттеу ұйымдарының штатындағы қызметкерлері кеңестерін;
- б) ғылыми-зерттеу бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайда шетелдік ғалымдардың қызметін көрсетеді. Қазақстан Республикасы аумағына шетелдік ғалымдардың келуі және тұруы Қазақстан Республикасы қолданылып жүрген заңдарымен реттеледі;
- в) Қазақстанның ғалымдары мен оқуы әртүрлі деңгейдегі мамандарының тағылымдама алуы үшін стипендиялар және олардың өзара мүдделі тақырыптарға қатысты симпозиумдарға, семинарлар мен конференцияларға қатысуына қаржылық қолдау жасау;
- г) тәжірибе жасауға, кең ауқымды өндірістік тексеру мен көпшілікке көрсетулер үшін тұқымдық материал беру;
- д) ғылыми-зерттеу заттарын, әдебиеттер мен құрал-жабдықтар береді.

3-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі кадрлық және бюджеттік мүмкіндіктеріне қарай:

а) екі жақтың келісімі бойынша - кеңсе, лаборатория ғимараты, ғылыми және техникалық құрамы (персонал), бірлескен бағдарламаларды орындау шеңберіндегі ғылыми қызметке тәжірибе учаскелерін береді;

б) СИММИТ бағдарламасымен байланысты тағылымшылар мен ғалымдар Қазақстан Республикасына кірерде оларды кедендік бақылаумен қамтамасыз етеді;

в) Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға және халықаралық құқық нормаларына сәйкес ұрық плазмаларын Қазақстан Республикасы аумағында кедергісіз алып жүруге және СИММИТ-ке бірлескен бағдарламалар үшін қажет болған жағдайда ұрық плазмаларын қауіпті жәндіктер мен аурулар тасудан аман болу үшін карантин тексерісі міндеттерін сақтай отырып әлемнің кез келген бөлігіне апаруға келісім береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі барлық материалды уақытылы және жедел тексеріспен (инспекция) қамтамасыз етуге келіседі.

4-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының азаматтары емес және оның аумағында тұрақты тұрмайтын СИММИТ-тің қызметкерлеріне өз функцияларын орындау үшін қажетті құқықтары мен артықшылықтары бар іс сапармен келген сарапшылар (эксперт) мәртебесін беруге келіседі, атап айтқанда:

а) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жұмысты орындауға қажетті кезеңге қызметкерлердің өздеріне және олардың от басына көп реттік визалар мен осында тұруға рұқсат қағаз беру;

б) жеке бастың және үйде пайдаланатын шеттен әкелінетін заттарға, кеден органдарының рұқсатынсыз сатуға болмайтын бір от басына бір автомобильді қосқанда , әкелімге Қазақстан Республикасында салынатын баж салымы және басқа салықтар төлеуден босатады. Аталған жеке бастың және үйде пайдаланатын заттарды Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес алып кетуге болады, немесе өзге адамның меншігіне беруге жатады.

5-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі мынаған келіседі:

а) Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін қажетті мүлікті уақытша әкелуге және алып кетуге жататын режим бойынша кедендік рәсімдеуге;

б) қайта алып кету міндеттемесімен әкелінген мүлікті Қазақстан Республикасы кеден органдарының рұқсатынсыз иесіздендіргенде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген шаралар қолданылады.

6-бап

СИММИТ Қазақстан Республикасының аумағында өзінің Жарғысында қарастырылған және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін қызметті жүзеге асыра алады.

СИММИТ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қаржы және валюталық операциялар жасай алады.

7-бап

Тараптар мынаған келісті:

а) жетілдірілген селекциялық материал, ортақ күшпен жасалған техникалық әзірлемелер мен әдістер сияқты оң нәтижелерді, қосымша келісімде өзгеше ескертілмесе, Тараптар тең құқықты пайдалана алады;

б) ғылыми нәтижелер қоғамдық мүддені қорғау мақсатында Тараптардың

өзара келісімі бойынша міндетті түрде бірлесіп орындаушыларға сілтеме жасау арқылы жарияланады.

8-бап

Тараптар осы Келісімді тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында және екі жақты ынтымақтастықтың нақты тетіктерін әзірлеу үшін Консультативтік кеңес құруға келісті.

Консультативтік кеңесті құру тәртібі, мерзімі, оның құрамы мен қызметін Тараптар тағайындайтын құзырлы органдар белгілейтін болады.

9-бап

Тараптар СИММИТ-тің Орталық Азия мен Күнгей Кавказ (Закавказье) бойынша өкілдігін Алматы қаласында ашуға уағдаласты.

10-бап

Тараптар өзара келісім бойынша осы Келісімге, оның ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамамен рәсімделген өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК